

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектебі бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023 – 2024 оқу жылына арнаған күнтізбелік тақырыптық жоспарын мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша

Анықтама

Бақылау негізі: 2023 – 2024 оқу жылына арнаған мектепшілік бақылау жоспары

Бақылаудың мақсаты: Оқу жұмысы бағдарламаларының қолжетімділігін олардың іске асрылатынын білім беру бағдарламаларының деңгей мен бағытына сәйкестігін, құрылымына, мазмұнына, рәсімделуіне оқу жұмыс жоспарларын қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарда сәйкестігін бақылау.

Бақылау объектілері: пәндер бойынша күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар, қысқа мерзімді жоспарлар.

Тексеру мерзімі: 2023 жылғы 4 – 5 қыркүйек

Бақылау нәтижелері: Мектепшілік бақылау іс – шараларын жүзеге асыру шенберінде, сондай – ақ 2023 – 2024 оқу жылының бастауыш ұйымдастыру мақсатында 2023 жылдың 4 – 5 қыркүйек аралығында бастауыш сынып пәндері бойынша күнтізбелік – тақырыптық жоспарларға тексеру жүргізілді. Бұған дейін бастауыш сынып мұғалімдеріне күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауға қойылатын талаптар туралы ұсыныстар берілген. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарларды мыналар көрсетілуі керек: пән, сынып, сағат саны (жылдық, апталық, тоқсандық, сабак саны, оқушылардың білімін бақылау сәбактарының саны және олардың түрлері)

Бақылау жұмысы, бақылау диктанты, сөздік диктанты, есептер, рефераттар, практикалық және зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары пайдаланған әдістемелік әдебиеттер. Күнтізбелік тақырыптық жоспарлау мектептің барлық мұғалімдерінен түсіндірме жазбаларымен құрастырылады. Тексеру негізінде мұғалімдердің барлық күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауы қамтамасыз етілді. Тексеру көрсеткендей, жоспарлауды қызу кезінде бастауыш сынып мұғалімдері мыналарды пайдаланған:

- Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің ұсынған оқу бағдарламалары;
- 2023 – 2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат
- Тиісті пән бойынша деректі тақырыптық жоспарлау.

Барлық бастауыш сынып мұғалімдері негізгі аталған талаптардың қанағаттандыратын вариативті бөлімнің сағаттарының тақырыптық кестелері мен жұмыс бағдарламаларын тексерді. Барлық күнтізбелік – тақырыптық жоспарларда түсіндірме жазба, бақылау бөлімдерін өткізуудің болжамшылық


мерзімдері болды. Түсіндірме жазбалар субъект жұмысының өзектілігін көрсетеді, алдағы жұмыстың мақсаттары мен міндеті нақты тұжырым дағына. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасына сәйкес әдістемелі жағынан дұрыс құрастырылған. Жекелеген мұғалімдерде аздаған кемшіліктер бар. Атап айтсам: Ергешова, Салманова, Смайлова, Молдаш, Еспаева. Ауызша ескертулерден кейін кемшіліктер түзетілді. Жоспарларын қайта көрсетті.

Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар:

1. Барлық бастауыш сынып мұғалімдері жұмыс бағдарламаларының уақытылы тексеруге тапсырды.
2. Негізінен бастауыш сынып мұғалімдері жұмыс бағдарламаларының құрылымына, мазмұнына, рәсімделуіне, қабылдау және бекіту тәртібіне күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауды дайындауға қойылатын талаптарды сақтайды. Оқу – тақырыптық жоспарлауда мұғалімдер бағдарламаларын тараулары мен тақырыптарын, оқу ретін ашып көрсеткен. Оқу сағаттарын тараулар мен тақырыптар бойынша белу оқу жүктемесінің максималды көлеміне қарай жүзеге асырылған.

Ұсыныстар:

1. Жұмыс бағдарламалары бойынша ауызша ескерту алған мұғалімдер кемшіліктерді түзетуді.
2. Білім лэнд электронды журналы қатаң түрде тақырыптық жоспарлауды сәйкес толтырылған.
3. Жұмыс бағдарламаларында күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды бағдарламада міндетті белгі қою арқылы түзетуді жүзеге асыру.
4. Тәжірибе алмасу мақсатында ашық тақырыптық сабактарды жоспарлап белгі қою.

Бақылауды жүргізген: Мектеп директорының оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары **Б.Нұрмаханов** 

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«А.СҮЛЕЙМЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫГЫС № 33
« 31 » 08 2023 ж.

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдерінің ұзак мерзімді, орта мерзімді жоспарларының оқу бағдарламасына сәйкестігін тексеру туралы

Анықтама

2023 – 2024 оқу жылына арналған оқу – тәрбие жоспарына сәйкес 2023 жылдың 28 – 29 тамыз күндері бастауыш сынып мұғалімдерінің орта мерзімді жоспарлары, ұзак мерзімді жоспарлары тексерілді. Тексеру төмендегі комиссия құрамымен өткізілді.

1. Б.Нұрмаханов – мектеп директорының оқу тәрбие жөніндегі орынбасары
2. А.Кәріжан – бастауыш сынып әдістемелік бірлестік жетекшісі
3. Г.Әдежанова – бастауыш сынып мұғалімі

Тексеру нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары 2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарындағы оқу – тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын ала отырып құрылғаны анықталды. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 жылғы №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде құрылған.

Білім мазмұнын үйымдастырудың ерекшеліктер 1 – 4 сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру үйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы » ҚР Оқу – ағарту министрінің 16.09.2022 ж №399 бұйрығы 21.11.2022 ж №467, 05.07.2023 ж №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған.

Мектеп алды сыныбында 32 аптаға, бастауыш сыныпқа 1 сынып оқушылары үшін III тоқсандағы қосымша демалыс уақытысын ескере отырып 33 аптаға жоспарланған. 2 – 4 сыныптарда 34 аптаға құрылған. Оқу күндері мен демалыс күндері ескерілген. Бекітілген кестеге сәйкес құрылған.

2023 – 2024 оқу жылының басталуы 2023 жылдың 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленген.

Күздігі каникул – 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

Қысқы каникул – 10 күн (2023 жылдың 29 желтоқсанынан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда),

Көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызыды қоса алғанда);

1 – сыныптар және мектеп алды сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда);

Орта мерзімді жоспарлауға қойылатын талаптар туралы пән мұғалімдеріне нұсқау берілді. Пән мұғалімдері әдістемелік бірлестік отырыстарына қатысып, нұсқаулықтар алған. Әдістемелік бірлестік

жетекшісінің ұйымдастыруымен орта мерзімді жоспарлауды жоспарлауда әдістемелік бірлестік отырыстарын өткізіп, бағдарламалар мен жоспарларды қарап талқылаған.

Орта мерзімді жоспарды құруда, сабак номері, сабак тақырыбы, сағат саны, мерзімі, үй тапсырмасы, көрнекілік пен әдебиеттер, ескертулер мен енгізулер бөлімдеріне бөлген. Орта мерзімді жоспарлар түсінік хаттарымен жасалған.

Орта мерзімді жоспарлар әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылған. Бірақ кейбір сынып жетекшілердің жоспарында кемшіліктер де кездесті. (сабак мерзімнің қате немесе уақытының қойылмауы). Ауызша айтылған ескертулерден кейін кемшіліктер түзетілді.

Тексеру нәтижесінде қорытынды:

1. Барлық бастауыш сынып мұғалімдері жоспарларын уақытылы өткізді.
2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің орта мерзімді жоспарлары белгіленген бөлімдерге сәйкес жасалған. Бөлімдері анықталып, бөлінген. Сағат саны сәйкестендірілген.
3. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған орта мерзімді жоспарлар бір жылға әр сыныпқа жеке – жеке жоспарланған. Параллель сыныптарға сабак беретін мұғалімдерде екі сыныпқа бір жоспар құрылған.
4. Үй тапсырмалары жоспарлауда, тоқсаның соңғы сабағында бақылау жұмыстарынан кейін үй тапсырмалары берілмеуі ескерілген.
5. Бастауыш сыныптардағы пәндерде әр бөлімнен кейін жиынтық бағалау жоспарланған. Тоқсан соңында тоқсандық жиынтық бағалау мерзімі көрсетілген.

Ұсыныс:

1. Қателік жіберген мұғалімдер, кемшіліктермен жұмыс жүргізіп, түзету енгізсін.
2. Іс – тәжірибе бөлісу мақсатында өткіzetін ашық сабактар мерзімі анықталсын.
3. Түсінік хатқа міндетті түрде күтілетін нәтиже енгізілсін.
4. Оқу мақсаты бөлімінде мақсаттардың қойылуы назарға алынсын.
5. Белгіленген үлгі бойынша берілген бөлімдердің жоспарлануына назар аудару.
6. Bilim Land сынып журналдарына орта мерзімді жоспар бойынша толтырылуы қадағалансын.
7. Орта мерзімді жоспардың енгізілу бөліміне қажет болған жағдайда өзгеріс енгізілсін.

Мектеп директорының оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары:

 **Б.Нұрмаханов**